

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 21-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 17 мамырда № 7-4-106 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 шілдедегі № 11-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы аудандық мәслихатының 12.07.2013 № 11-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" № 2314 қаулысына сай аудандық мәслихаттың кезекті жиырма бірінші сессиясы

Ш Е Ш И М

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған "Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету туралы қағидасы" бекітілсін.

2. Аудандық мәслихаттың "Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2004 жылғы 30 қарашадағы № 11-3 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 2823 болып тіркелген, 2005 жылдың 24 қаңтарында "Орда жұлдызы" газетінің № 4 санында жарияланған) шешімінің барлық енгізілген өзгерістері мен толықтырулары ескеріле отырып күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

T. Саматов

Мәслихат хатшысы

Г. Бисекенова

Бөкей

ордасы

аудандық

мәслихатының

2010

жылғы

16

сәуірдегі

№ 21-2 шешіміне 1 қосымша

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету туралы қағида

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағида (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) сәйкес әзірленді және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) көрсетіледі. Ол халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып есептеледі.

2. Тұрғын үй көмегі ауданда тұрақты тұратын тұрғын жай иелеріне немесе меншігінде тұрғын жайы жоқ жалдаушы Қазақстан Республикасының азаматтарына және бір мемлекеттің азаматтарының мәртебесі туралы шартына қосылған, басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын Тәуелсіз Мемлекеттер Достығынан қатысушы мемлекет азаматтарына тағайындалады.

Жалғызбасты және ерлі-зайыпты жұптар: зейнеткерлер, Ұлы Отан Соғысының мүгедектері мен қатысушылары, мүгедектер үшін ауыру себебіне қарамастан және оларды күтетін азаматтарға, тұл жетім балалар, ата-анасыз қалған балалармен бірге тұратын қорғаншылар (қамқоршылар) немесе кәмелетке толмаған балалармен бірге тұратын немесе үш жасқа толмаған баланы тәрбиелеп отырған баласымен бірге тұратын зейнеткерлер, 30 пайыз жеңілдіктермен пайдаланады.

3. Ол тұрғын үйді ұстау нормалары мен коммуналдық қызметтерін тұтыну нормативтері шегінде, бірақ нақтылы отырған тұрғын жайының жалпы көлемінен асырмай есептеліп, отбасы бюджетіндегі осы мақсаттарға жұмсалатын үйғарымды шекті шығындар үлесінен асып кететін жағдайда беріледі. Үйғарымды шекті шығындар үлесі көмек алатын отбасының жиынтық табысының 30 пайызы мөлшерінде есептеледі. Белгіленген мөлшерден асатын тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтерін тұтыну ақысын өтеу жалпы негізде жүргізіледі.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау мөлшері мен тәртібі

4. Тұрғын үй көмегін "Бөкей ордасы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Уәкілетті

орган) тағайындауды және келесі айдан бастап төленеді.

5. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын үй және коммуналдық қызметтер үшін нақты есептелген ақыдан артық болмауы тиіс.

6. Тұрғын үй көмегі жалпы 6 айға дейін көрсетіледі, осы көмекті алушылар тоқсан сайын қайта тіркеу - рәсімдеудің алғашқы процедурасы секілді өткізіледі. Тұрғын үй көмегін алушылар өз тұрғын үй көмегін тағайындауға қатысы бар қандай да болмасын өзгерістер жөнінде, сондай-ақ, көмектің дұрыс есептелмеген жағдайлары туралы, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне 10 қүн мерзім ішінде хабарлауға міндettі. Даулы немесе қалыпсыз жағдайлар пайда болған кезде заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

7. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін осы елді-мекенде тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген азамат (отбасы) уәкілетті органға өтініш береді және мұнадай

құжаттарды

ұсынады:

өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;

азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

отбасының табысын растайтын құжаттар;

кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның

мөлшері

туралы

шот;

жергілікті атқаруши органдың (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген тұрлерін жүргізуға арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;

телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқаруши органдың берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот .

8. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесі бойынша уәкілетті органдың өтініш иесінің арасында шарт жасалады, оған жәрдемақы есебі жазылады. Шарт 2 данадан жасалады. Шарттың 1 данасы өтініш иесінде сақталады. Шарт тұрғын үй көмегін беруге негіз болып табылады.

9. Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына кумandanған жағдайда уәкілетті органдың қажет мәліметтер сұратуға құқылы, ал заңды және жеке тұлғаларға тұрғын үй көмегін есептеуге қажет ақпаратты беруге міндettі.

10. Тұрғын үй көмегін өтеу агенттік келісім-шартқа сай екінші деңгейдегі банктерде ашылған алушылардың жеке есеп шоттарына аудару арқылы атқарылады.

11. Уәкілетті орган көмек алушылардың тізімдерін рәсімдеп, берген тұрғын үй көмегінің сомасын көрсетіп, әр айдың басында тиісті қаржы органдарына өтеу үшін тізімделерді береді.

12. Құжаттардың дұрыс рәсімделмеуіне байланысты тұрғын үй көмегінің заңсыз тағайындалуына жол берген лауазым иелері заңмен белгіленген тәртіп бойынша жауапты болады.

13. Заңсыз берілген тұрғын үй көмегі занда белгіленген тәртіппен кері қайтарылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК